

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13418 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2021 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 43) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.04.2020 № 136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2021 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.М. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа

басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

А.Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 29 қаңтардағы
№ 122 бұйрығымен бекітілген

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2021 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5 - бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленген және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан

әрі-ЖЖОКБҰ) дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарында орналастырылады.

"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты шеңберінде бір балаға есептегенде тәрбиелеу мен оқыту бойынша мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы шығындары мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінде өтеледі.

Жан басына қаржыландырылған кезде мемлекеттік білім беру тапсырысына тапсырыс беруші балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған қызметтердің көлемін мынадай жағдайда қаржыландырады:

- 1) қалмай мектепке дейінгі ұйымға үнемі баратын балаларға;
- 2) мектепке дейінгі ұйымда үш жұмыс күні ішінде жоқ болған балаларға;
- 3) баланың ауруы, медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделуі, сауықтырылуы (анықтама берілгенде), ата-аналарының біреуіне (баланың заңды өкіліне) еңбек демалысының берілуі және баланың жаз уақытында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылуы (өтініші болған кезде) себептері бойынша жоқ болған балаларға.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, салдарынан балалар мектепке дейінгі ұйымға бармайтын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қолданылған кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша айқындалатын көлемде және мөлшерде қаржыландырылады.

3. Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдарында орналастырылады.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі (бұдан әрі - ТКОБКБ) бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы өңірлік кәсіпкерлік палаталарының және мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік

, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ТКОБКБ ұйымдары) орналастырылады.

5. ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы ТКОБКБ ұйымының жобалық мүмкіндігін ескере отырып, білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін білім беру ұйымдарына, рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына сондай-ақ білім алушыларды арнайы оқу бағдарламалары бойынша қабылдау кезінде нақты қабылдау қорытындылары бойынша орналастырылады.

6. Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ТКОБКБ ұйымдарын қоспағанда, талапкерлерді ТжКОББ мамандықтары мен ұйымдары бойынша бөлу негізінде жүзеге асырылады.

7. Талапкерлерді ТКОБКБ мамандықтары, біліктіліктері және ұйымдары бойынша бөлуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - № 578 бұйрық) сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында тиісті саланың уәкілетті органдары (бұдан әрі - ТСУО) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті кезеңге бекіткен қаулының негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мамандықтар бойынша ТжКОББ бар кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

8. Экономиканың кадрларға болжамды қажеттілігін, оның ішінде салалық және өңірлік қажеттілігін, елдің индустриялық-инновациялық даму басымдықтарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (немесе) білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) және ғылыми ұйымдардың ғылыми-педагогикалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, қалыптастырылған және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бөлінген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы ЖЖОКБҰ арасында конкурстық негізде орналастырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына қарамастан ЖЖОКБҰ білім беру саласындағы уәкілетті орган өткізетін конкурс нәтижелері бойынша білім беру гранты түрінде орналастырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Магистрлер мен философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды, оның ішінде өңірлік ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдарға мақсатты даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына қарамастан ЖЖОКБҰ-да орналастырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы білім беру саласындағы уәкілетті орган өткізетін конкурс нәтижесі бойынша ЖЖОКБҰ орналастырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Балаларға қосымша білім берудің мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына қарамастан балаларды қосымша оқытуға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыратын және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізіміне енгізілген ұйымдарда орналастырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінде 3 жастан 18 жасқа дейінгі бір балаға мынадай шығындар:

1) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Ұйым қызметкерлерінің жалақысы;

2) ғимаратты (орынды) ұстауға және пайдалануға;

3) мұғалімдердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар өтеледі.

Карантинді, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоса алғанда, шектеу шараларының қолданылу кезеңінде, соның салдарынан балалар қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға бармайды, қосымша білім алуға мемлекеттік білім беру тапсырысы балалар жергілікті атқарушы органдардың шешімімен анықталған көлемде және мөлшерде қаржыландырылады.

13. Балаларға қосымша білім беру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында балалар бір секцияға (үйірмеге) қатысады.

2 - тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 24.09.2021 № 486 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері балалар контингентін жасақтауды жүргізеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балалар контингентін топтастыруда республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері кезектілік тізімін басшылыққа алады.

15. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері осы тараудың 1-параграфында немесе 2-параграфында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Осы тараудың 2-параграфында көзделген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жүргізіледі.

16. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелді) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды есептеу алгоритмімен анықталады. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16138 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке

алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларына (бұдан әрі – Жан басына нормативтік қаржыландыру қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын конкурстық негізде орналастыру

17. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері конкурс өткізеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері өздерінің ресми интернет-ресурстарында өткізілу күнін, уақытын және орнын, конкурстың өткізу мерзімі – 15 (он бес) жұмыс күнін көрсете отырып, конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың жергілікті атқарушы органдары Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссияның құрамына мәслихаттардың, әкімдіктердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларының, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдерінің, үкіметтік емес ұйымдардың және өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді. Комиссия мүшелерінің саны тақ болады. Комиссияның төрағасы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларының, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдерінің басшысы болып табылады.

18. Мектепке дейінгі ұйымдар меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларында көзделген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің нормалары мен қағидаларын сақтай отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі қызметті көрсетуші жеткізушілердің тізбесіне енгізіледі.

19. Конкурса қатысуға өз қызметінің басталғаны туралы білім беру саласындағы уәкілетті органды хабардар еткен және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға өтініш берген мектепке дейінгі ұйымдар жіберіледі.

Конкурса қатысу үшін жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссия төрағасының атына жазылған өтініш;

2) заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы немесе куәліктің көшірмесін, мектепке дейінгі ұйымдардың жарғысын, құжаттарды тапсырғанға дейін бір ай мерзімінен аспайтын банктен берілетін берешегінің жоқ екені туралы анықтама және салық органынан берілетін берешегінің жоқ екені туралы анықтама;

3) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары үшін қолданылатын жылжымайтын мүлікке (жекеменшік немесе жалға алынған) құқықты белгілеуші құжаттардың көшірмесі;

4) "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі;

5) медициналық кабинетке лицензияның көшірмесі немесе бекітілген орнын ескере отырып, емханамен жасалған қызмет көрсету туралы шарт;

6) Заңға сәйкес тамақтандыруға жұмсалатын ата-аналар төлемақысының белгіленген мөлшерімен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларының, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдерінің жолдамасымен ғана мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балаларды қабылдау туралы жеткізушінің міндеттемесі. Жеткізуші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелер нысанын толтырады;

7) педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар тәрбиешілердің білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарының көшірмелері.

Осы тармақтың 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар тігіледі, нөмірленеді, мектепке дейінгі ұйым құрылтайшысының қолтаңбасымен мақұлданады, мөрімен расталады және конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіппен ұсынылады.

Егер мектепке дейінгі ұйым жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда құжаттарды мөрмен куәландыру талап етілмейді.

20. Ұсынылған өтініштерді Комиссия өз отырысында 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Комиссия отырысынан кейін мынадай ақпарат:

1) олардан бас тарту себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде құжаттардың осы талаптарға сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесі;

2) алдын ала қарау хаттамасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдармен ұсынылған түзетілген және толықтырылған құжаттарды қайта қарау мерзімі көрсетілген конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы жасалады, оған Комиссияның төрағасы мен Комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссияның алдын ала рұқсат беру туралы шешімін Комиссияның хатшысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқарламасының, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімінің интернет-ресурсында орналастырады.

Әлеуетті жеткізушілер алдын ала рұқсат беру хаттамасы орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде алдын ала рұқсат беру хаттамасы бойынша құжаттарды сәйкес келтіреді.

Комиссия конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының тізбесінде көрсетілген мектепке дейінгі ұйымдардың конкурсқа қатысуға өтініштерін қоса берілген құжаттармен бірге олар келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сәйкес келтірудің толықтығы тұрғысынан қайта қарайды.

Комиссия орындар санын көрсете отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізу туралы шешім шығарады.

Комиссияның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін орындардың барынша мүмкін саны көрсетілілген шешімі отырыс күнінен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде хаттама түрінде ресімделеді.

Комиссия мынадай шешімдердің біреуін шығарады:

1) жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізбесіне енгізу туралы шешім;

2) осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізбесіне енгізуден бас тарту туралы шешім.

20-1. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар тарапынан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орын санына байланысты ұсыныстар саны артқан жағдайда жеткізушілерді Комиссия қосымша өлшемшарттар бойынша конкурс негізінде таңдап алады.

20-2. Жеткізушіні конкурс арқылы таңдаудың қосымша өлшемшарттары:

1) жоғары және бірінші санатты тәрбиешілердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 10%;

2) тиісті бейіні бойынша кәсіптік білімі бар тәрбиешілердің үлесі олардың жалпы санынан алғанда кемінде 50%.

Ашық дауыс беру жолымен Комиссия мүшелері дауысының көпшілігімен шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссия құрамының дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Хаттаманы хатшы ресімдейді, оған төраға және отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі, егер Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы отырысқа қатысса, дұрыс деп есептеледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шешім республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдерінің интернет-ресурстарында жарияланады.

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларының, білім бөлімдерінің өкілдері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шартында көзделген міндеттемелердің орындалуы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар қызметіне жылына бір рет мониторинг жүргізеді және консультативтік көмек көрсетеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орындар бұдан бұрын орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдар осы Қағидалардың 19-тармағының 7) тармақшасында көзделген өтініш пен құжаттарды ұсынған жағдайда отырыс хаттамасына конкурстық енгізіледі.

20-3. Жаңа және қосымша орындарға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орындар бұдан бұрын орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдар филиалдарының орындарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурс негізінде жүзеге асырылады.

2-параграф. Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

20-4. Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері өзінің ресми интернет-ресурсында осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері конкурс өткізбестен және жиналған балалар контингентіне қарамастан қалыптастыратын Білім беру қызметтерін алушылар бойынша

дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметтерін көрсетуші әлеуетті жеткізушілердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардан өтініштер қабылдау туралы ақпаратты орналастырады.

Тізбеге енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардан өтініштер қабылдау туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырған республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдері көрсетілген ақпараттың өзінің интернет-ресурсында үнемі болуы арқылы Тізбенің үздіксіз қалыптасуын қамтамасыз етеді.

20-5. Тізбеге енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдар республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасына, ауданда, қалада орналасқан білім бөліміне басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті ұсынады, егер мектепке дейінгі ұйымдардың өтініштерді электрондық құжат нысанында ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда өтініш осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары қол қоятын қағаз жеткізгіште мынадай құжаттарды қоса бере отырып ұсынылады:

1) заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;

2) мектепке дейінгі ұйымды орналастыру үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке (меншікті немесе жалға алынған) құқықты белгілеуші құжаттардың көшірмелері;

3) мектепке дейінгі ұйым мен мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің бекітілген орны бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымы арасында жасалған медициналық көмек (медициналық қызмет көрсету) көрсетуге шарттың көшірмесі, көрсетілетін медициналық қызметке лицензияның көшірмесі.

Қағидалардың осы тармағының 1) – 3) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса беру мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар үшін талап етілмейді.

20-6. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімі мектепке дейінгі ұйымдардың өтініштерін, қоса берілген құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың өтініштерін қоса берілген құжаттармен бірге қарай отырып, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімі ұсынылған құжаттардың толықтығын, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие саласындағы қызметтің басталғаны туралы жарамды хабарламаның және (немесе) медициналық қызметке лицензияның (медициналық пункт болған жағдайда) болуын мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан ақпарат алу арқылы тексереді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың өтініштерін қоса берілген құжаттармен бірге қарау нәтижелері хаттамамен ресімделеді, онда мынадай шешімдердің бірі көрсетіледі:

1) мектепке дейінгі ұйымды Тізбеге қосу туралы;

2) осы Қағидалардың 20-5-тармағына сәйкес келмейтін өтінішті және (немесе) оған қоса берілген құжаттарды ұсыну жағдайында Тізбеге қосудан бас тарту туралы шешім. Мектепке дейінгі ұйымды Тізбеге енгізуден бас тарту осы мектепке дейінгі ұйымның өтінішті қоса берілетін құжаттарымен бірге қайтадан беруіне кедергі болмайды.

Хаттама 3 (үш) жұмыс күні ішінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларының, аудандарда, қалаларда орналасқан білім бөлімдерінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

20-7. Қалыптастырылған Тізбеде мектепке дейінгі ұйымның атауы, оның жобалық қуаты, өтініш берген сәттегі бос орындардың саны және байланыс деректері көрсетіледі.

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімі өзінің ресми интернет-ресурсында енгізілетін барлық өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, қалыптастырылған Тізбенің үнемі болуын қамтамасыз етеді.

20-8. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасының, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдардың осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес өтініш бойынша өзіне алған міндеттемелерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметтерін көрсету процесінде бұзу фактілерін анықтауы мектепке дейінгі ұйымдарды Тізбеден алып тастау үшін негіз болып табылады.

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасы, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімі жоғарыда көрсетілген фактілер анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мектепке дейінгі ұйымға анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібереді. Мектепке дейінгі ұйымдар хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды және нәтижелері туралы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасын, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімін хабардар етеді.

Мектепке дейінгі ұйым Қағидалардың осы тармағында белгіленген мерзімде анықталған бұзушылықтарды жоймаған жағдайда республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тиісті өңірлік палатасымен келісу бойынша мектепке дейінгі ұйымды Тізбеден алып тастау туралы шешім қабылдайды, ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасының, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады, сондай-ақ 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы

Қағидалардың 20-10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес негіздемелік келісім жасалған екінші деңгейдегі банкті және (немесе) ұлттық пошта операторын бұл туралы хабардар етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар Қағидалардың осы тармағының талаптарын бұзғандықтан тізбеден шығарылған мектепке дейінгі ұйымның талабы бойынша шығарылған тиісті сот шешімі болған кезде Тізбеге енгізілуге жатады.

Мектепке дейінгі ұйымның Тізбеден шығарылуы аталған мектепке дейінгі ұйымды осы Қағидалардың 20-5-тармағында белгіленген тәртіппен Тізбеге қайта қосуға кедергі болмайды. Бұл ретте мектепке дейінгі ұйымды Тізбеге қайта енгізу мектепке дейінгі ұйым Тізбеден шығарылған күннен бастап жиырма төрт ай өткен жағдайда жүргізіледі.

20-9. Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, оларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдарды айқындауды осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қалыптастырылған контингентке кіретін балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері жүзеге асырады.

Білім беру қызметін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымды айқындау нәтижесі балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері мен мектепке дейінгі ұйым арасында жасалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі білім беру қызметтерін көрсету шарты болып табылады.

20-10. Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мынадай жүйелі әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

1) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қалыптастырылған контингентке кіретін балалардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің Қағидалардың осы тармағының 4) тармақшасына сәйкес қаржы жылының қорытындысы бойынша пайдаланылмаған бюджет қаражатын акцептсіз қайтаруды көздейтін білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсаттары үшін балалардың атына немесе өз атына банк шоттарын ашуы. Осы тармақшада көрсетілген банктік шоттарды ашу екінші деңгейдегі банкте және (немесе) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасымен, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімімен негіздемелік келісім жасасқан Ұлттық пошта операторында жүзеге асырылады, оған сәйкес екінші деңгейдегі банк және (немесе) Ұлттық пошта операторы балалардың не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің банктік шоттарына аударылатын, кейін білім беру қызметін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде тиісті балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға олардың көрсеткен білім беру қызметтері үшін қолма-қол ақшасыз аударуға арналған бюджет қаражатының нысаналы мақсаты сақталуына кепілдік береді;

2) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қалыптастырылған контингентке кіретін балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері мен Тізбеге енгізілген мектепке дейінгі ұйымдар арасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасу;

3) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасының, ауданда, қалада орналасқан білім бөлімінің бюджет қаражатын Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген банк шоттарына ай сайын аударуы;

4) Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген банктік шоттардан Тізбеге енгізілген тиісті мектепке дейінгі ұйымдардың шоттарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарына сәйкес білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде бюджет қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару. Бюджет қаражатын Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, бір баланың атына немесе мүддесіне ашылған банк шотынан басқа бала үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі білім беру қызметтеріне ақы төлеу мақсатында мектепке дейінгі ұйымның шотына аударуға жол берілмейді.

Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген банк шоттарында қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған бюджет қаражаты 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті жергілікті бюджетке акцептсіз қайтарылуы тиіс.

20-11. Білім беру қызметін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдар ай сайын Ұлттық білім беру деректер қорында өз тәрбиеленушілері, оның ішінде осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қалыптастырылған контингентке кіретіндер туралы ақпаратты толтырады.

20-12. Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға орналастырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына және (немесе) көлеміне мониторингті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөніндегі білім беру қызметтерін көрсету шартының тараптары жүргізеді.

3-тарау. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

21. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - ЖАО) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

21-1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Әдістемеге сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды есептеу алгоритмі бойынша анықталады. Бұл ретте техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру Жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 24.09.2021 № 486 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін құрамы ЖАО немесе ТСУО бұйрығымен бекітілетін ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссия тұрақты жұмыс істейтін консультативті-кеңесші орган болып табылады.

23. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің, Өңірлік кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлік субъектілерінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары немесе оның міндетін атқарушы тұлға Комиссия төрағасы болып табылады.

ТСУО-дағы Комиссия құрамы білім беру саласындағы уәкілетті орган қызметкерлерінен, азаматтық қоғам институттарының, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың өкілдерінен құрылады. Комиссияның төрағасы ТСУО -ның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға болып табылады.

24. Комиссияның отырыстары оның төрағасы бекіткен жоспар бойынша өткізіледі және егер оған оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-інен астамы қатысса, жарамды деп есептеледі.

Комиссияның жоспардан тыс отырыстары ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде бос орындар болған кезде немесе даулы мәселелер туындаған жағдайларда өткізіледі.

Комиссия шешімдері отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады және комиссия төрағасы қол қоятын отырыс хаттамасымен ресімделеді. Комиссия құрамының дауыстары тең болған

жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хаттамаға комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия отырыстарында аудио және бейне жазба жүргізіледі. Аудио және бейне жазбалар архивте кемінде үш жыл сақталады.

25. Комиссия осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген білім беру саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ТКОБКБ ұйымдарына қойылатын талаптарына сәйкес келетін ТжКОББ ұйымдарының тізбесін анықтайды.

26. Конкурс шарттары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ТКОБКБ ұйымдарын анықтау үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдары ресми интернет-ресурстарында ТКОБКБ ұйымдары арасында конкурс жариялайды.

27. ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін көрсетілетін қызметтерді алушылар көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшадағы "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Стандартта келтірілген.

28. Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдағаны туралы қолхат береді не көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш жасалған жағдайда қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

29. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

1) Жауапты құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкер қабылдаған сәттен бастап , 2 (екі) жұмыс күні барысында ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері өтінішті одан әрі қарастыру туралы қағаз жүзінде немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында дәлелді жауап жолдайды.

2) көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға білім беру ұйымдарында техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны еркін нысанда жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің аяқталуына дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді.

30. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

31. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының өтініші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

32. ТКОБКБ бар кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және ТКОБКБ бар кадрларды даярлауды қаржыландыру үшін ТКОБКБ ұйымдарын анықтағанда Комиссия осы Қағидалардың 5-қосымшасында берілген ақпараттық карта бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетіндігін растайтын шарттарды және ақпаратты басшылыққа алады:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-қосымшасының 3 тармағына сәйкес даярлық бейінін ескере отырып (ауылдық елді мекендерде орналасқан ТКОБКБ, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) мәлімделген мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияның болуы);

2) мамандықтар (біліктіліктер) бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін тиісті оқу-өндірістік шеберханалардың, залдардың, зертханалардың, оқу полигондарының, білім беру процесін ұйымдастыру үшін оқу-өндірістік базалардың болуы (педагогикалық колледждерді қоспағанда);

3) жалпы педагогтер санынан педагог-сарапшы, педагог-модератор, педагог-зерттеуші, педагог-шебер, жоғары және бірінші санаттағы педагогтер және магистрлердің болуы (30%-дан төмен емес);

4) 70%-дан төмен емес штаттық оқытушылар мен өндірістік шеберлердің болуы (өнер мен мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТКОБКБ ұйымдарында 50%-дан кем емес);

5) студенттерге арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болуы (меншікті немесе жалға алу, жедел басқару, сенімгерлік құқығында тиесілі, жатақхананың және/немесе хостелдің, және/немесе қонақ үйдің, қоғамдық тамақтану және медициналық қызмет көрсету пункттерінің болуы);

6) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайлардың болуы (пандустар, жарық сигналдары, шақыру түймесі, СНЖЕ сәйкес санитарлық торап);

7) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына сәйкес институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеуден немесе мемлекеттік аттестаттаудан өткені туралы құжаттың болуы;

8) өтініш берілген мамандықтар бойынша ТКОБКБ ұйымын бітірген соң бітірушілердің бір жыл ішінде жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер;

Бұл талап жаңа мамандықтар, сондай-ақ бітіру жүзеге асырылмаған мамандықтар бойынша өтініш берген ТКОБКБ ұйымдарына таралмайды;

9) білім алушыларды дуальды оқытумен, өндірістік практикамен қамту;

10) ТКОБКБ ұйымының жобалық мүмкіндігі;

11) сайттың, әлеуметтік желілердегі аккаунттың болуы.

33. 32-тармақта көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Комиссия ТКОБКБ ұйымдарынан растайтын құжаттарды сұратады.

34. Комиссия конкурстық өтінімдерді Конкурс басталған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде қарайды, олардың осы Қағидалардың 33-тармағында көрсетілген білім беру саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ТКОБКБ ұйымдарына қойылатын талаптарына олардың сәйкестік дәрежесін анықтайды және осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес оларды бағалауды жүргізеді.

35. Комиссияның ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ТКОБКБ ұйымдарында орналастыру туралы шешімі мамандықты (біліктілікті), оқыту базасын (9,11-сынып, ТЖКБ) және оқыту тілін, жобалық мүмкіндігін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдарының интернет-ресурстарында жарияланады.

36. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдары № 578 бұйрыққа сәйкес Комиссия шешімімен анықталған ТКОБКБ ұйымдарында абитуриенттердің таңдауы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді жүргізеді.

37. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша топтар (15 адамнан кем), қамтылмаған талапкерлер болған жағдайда, Комиссия мемлекеттік білім беру тапсырысын ТКОБКБ ұйымдары арасында қайта бөлу туралы шешім қабылдайды.

38. Комиссия мемлекеттік білім беру тапсырысты абитуриенттер арасында бөлу нәтижесіне, сондай-ақ бөлу рәсімінсіз мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ТКОБКБ ұйымдарына нақты қабылдауға сәйкес ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

39. Комиссияның ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ТКОБКБ ұйымдарында орналастыру туралы шешімі бес жұмыс күні ішінде күнтізбелік жылдың 27 тамызына дейінгі мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдарының, ТСУО-ның интернет-ресурстарында жарияланады.

Комиссия шешімдері мамандықтар (біліктіліктер) бойынша топтар құру және ТКОБКБ ұйымдары педагогтерінің жүктемесі үшін негіз болып табылады.

40. Комиссия шешімдерінің негізінде ТСУО бұйрығымен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегіне дейін ТКОБКБ ұйымдарында кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес орналастырылады.

4-тарау. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрлар даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

41. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган құжаттар қабылдау басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей ЖЖОКБҰ арасында конкурс жариялайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41-1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Әдістемеге сәйкес кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемін есептеу алгоритмі бойынша анықталады. Бұл ретте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру Жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тарау 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 24.09.2021 № 486 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Конкурс өткізу туралы хабарландыру білім беру саласындағы уәкілетті органның және (немесе) тиісті саланың уәкілетті органның (бұдан әрі – ТСУО) интернет-ресурстарында жарияланады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Конкурс өткізу үшін құрамы Министрдің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволардың қызметкерлері, азаматтық қоғам институтының, Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасының, салалық қауымдастықтың, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының және/немесе Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің өкілдерінен құрылады. Комиссия мүшелері арасынан көпшілік дауыспен комиссия төрағасы сайланады. Комиссия құрамының саны оның төрағасын қоса алғанда так болады.

44. Комиссия отырысы оның төрағасы бекіткен жоспар бойынша өткізіледі және егер оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-інен астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

45. Комиссия шешімдері отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады және ол төраға қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Дауыс бірдей болған жағдайда Комиссия төрағаның дауысы басты болып табылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін ЖЖОКБҰ-ның саласындағы уәкілетті органға және (немесе) ТСУО электрондық форматта мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

1) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы ЖЖОКБҰ-ның өтінімін ;

2) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы ЖЖОКБҰ-ның сауалнамасын;

3) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы ЖЖОКБҰ-ның ақпараттық картасын;

4) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы тиісті оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысын.

ЖЖОКБҰ ұсынған ақпараттық карталардың көрсеткіштері бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда осы Ереженің 46-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Комиссия растау құжаттарын сұратады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Конкурстық өтінімге кіретін құжаттарға ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысы қол қояды, мөрмен расталады және электрондық форматта және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы онлайн конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіппен ұсынылады.

Бұл ретте ЖЖОКБҰ ұсынған мәліметтер қажет болған жағдайда Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі деректерімен сәйкестігі тұрғысында салыстырылады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Конкурстық өтінім білім беру саласындағы уәкілетті органға және (немесе) ТСУО электрондық форматта конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген сағат

пен күннен кешіктірілмей жіберіледі. Конкурстық өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен конкурстық өтінім кешігу себептеріне қарамастан қаралмайды. Конкурстық өтінімдерге оларды беру мерзімі өткеннен кейін қандай да бір өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Комиссия конкурстық қарастырады, олардың конкурстық құжаттамалар талаптарына сәйкестік деңгейін анықтайды және оларды бағалауды Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. ЖЖОКБҰ оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына білім бағдарламалары тобы бойынша әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өткен жоғары оқу орындары қатысады.

ЖЖОКБҰ бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің шекті мәнін Комиссия айқындайды.

Ерекшелік лицензияны алғаш алған кадрларды даярлаудың жаңа бағытын, сондай-ақ экономиканың басым салалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау үшін жаңадан құрылған ЖЖОКБҰ құрайды. Бұл ретте ЖЖОКБҰ-дың тізбесін Комиссия айқындайды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мынадай жағдайларда:

1) білім беру саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) мемлекеттік бақылау нәтижелері және (немесе) оның қорытындылар бойынша сот процесі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

3) тиісті білім беру бағдарламаларының тобына білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламалары тізімінде білім беру бағдарламалар болмағанда немесе алынып тасталғанда жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін ЖЖОКБҰ-ды анықтау кезінде Комиссия келесі негізгі өлшемшарттарды ескереді:

1) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы алғашқы рет енгізілген бағыттарды қоспағанда, тиісті бағыт бойынша білім алушылар контингентінің болуы;

2) ЖЖОКБҰ кадрлық қамтамасыз ету және ғылыми-білім беру процесін материалдық – техникалық қамтамасыз етуі;

3) оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және өзге де ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі;

4) ЖЖОКБҰ-да жүргізілген ғылыми зерттеулердің ғылыми әлеуеті мен деңгейі (ЖЖОКБҰ үшін);

5) білім алушыларды жатақханамен, қоғамдық тамақтандыру және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету мүмкіндігі;

б) аккредиттелген білім беру бағдарламаларының болуы;

7) өтініш берілген мамандықтар бойынша ЖЖОКБҰ ұйымын бітіргеннен кейін бітірушілердің бір жыл ішінде жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер;

8) ЖЖОКБҰ халықаралық және/немесе ұлттық рейтингілерге қатысуы;

9) "Атамекен" ҰҚП өткізетін рейтингіде ЖЖОКБҰ орны.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

52. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, оның ішінде докторантураға нысаналы орындар орналастыру үшін ЖЖОКБҰ-ды анықтау кезінде Комиссия мынадай негізгі өлшемшарттарды басшылыққа алады:

1) ЖЖОКБҰ-ның халықаралық және/немесе ұлттық рейтингілерге қатысуы;

2) бірлескен ғылыми жобаларды орындау және зерттеу базасын ұсыну туралы аккредиттелген әріптес ғылыми ұйымдармен, оның ішінде шетелдік жасалған шарттардың болуы;

3) ЖЖОКБҰ-ның профессорлық-оқытушылық құрамынан ғылым докторы/ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері және философия докторы (Phd)/бейіні бойынша доктор дәрежесі бар ғылыми жетекшінің болуы;

4) шетелдік әріптес ЖЖОКБҰ-лармен (ғылыми ұйымдармен) бірлесіп, ғылыми-білім беру жобаларын орындау;

5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу талаптарына сәйкес ғылыми-білім беру процесін кадрлық қамтамасыз ету ("Өнер" мамандықтарының тобы үшін, оның ішінде құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар);

6) әлемдік ғылыми және білім беру ресурстарына қол жеткізу; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу талаптарына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

7) аккредиттелген білім беру бағдарламаларының болуы;

8) гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру және басқа да дереккөздер негізінде іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды орындау;

9) ЖЖОКБҰ-да білім алушылардың жатақханада тұруы үшін орындардың, қоғамдық тамақтандыру және медициналық қызмет көрсету пункттерінің болуы;

10) мәлімделген мамандықтар бойынша ЖЖОКБҰ-ды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы түлектердің жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

53. Тиісті білім беру бағдарламаларының тобы бойынша бітіргеннен кейін 4 жыл ішінде докторантура түлектері оқуын аяқтаған және философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бекітпеген ЖЖОКБҰ-ны конкурсқа жіберу комиссияның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін ЖЖОКБҰ білім беру саласындағы уәкілетті органға және (немесе) ТСУО электрондық форматта мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

1) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы ЖЖОКБҰ-ның өтінімін;

2) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы ЖЖОКБҰ-ның сауалнамасын;

3) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысын.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін ЖЖОКБҰ анықтау кезінде Комиссия мынадай негізгі өлшемшарттарды басшылыққа алады:

1) білім беру процесінің кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі және педагогтердің біліктілік деңгейі; талапкерлерді кешенді тестілеудің барлық пәндері бойынша оқытушылардың болуы;

2) оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және өзге де ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі;

3) ЖЖОКБҰ-да білім алушыларға жатақхана, қоғамдық тамақтану және медициналық қызмет көрсету орындарының жеткілікті болуы.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. ЖЖОКБҰ үшін конкурс жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бөлек-бөлек өткізіледі.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Комиссия бағалауды ескере отырып жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шешім қабылдап, мыналарды көрсетеді:

1) конкурс шарттары бойынша жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ЖЖОКБҰ-ның тізбесі;

2) конкурс шарттары бойынша магистратурада кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі, оның ішінде жеке ЖЖОКБҰ үшін көлемі көрсетілген;

3) конкурс шарттары бойынша білім беру бағдарламалары тобының бөлінісінде, оның ішінде философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды мақсатты түрде даярлау үшін көлемін көрсете отырып, докторантурада кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыратын базалық ЖЖОКБҰ-ның тізбесі;

4) ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінде тыңдаушыларды оқыту үшін, оның ішінде тілдік дайындық деңгейін арттыру үшін көлемі көрсетілген мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ЖЖОКБҰ;

5) конкурс шарттары бойынша білім беру бағдарламалары тобының бөлінісінде көлемі көрсетіле отырып, жоғары білімі бар педагогтерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ЖЖОКБҰ.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері бойынша Министрдің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурстарында және (немесе) ТСУО.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 08.07.2021 № 321 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

59. Орта білім беру ұйымдарында орналастырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы оқушылардың санын және бір оқушыға арналған шығыстардың орташа құнын қамтуы тиіс.

60. Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Әдістемеге сәйкес орта білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемін есептеу алгоритмі бойынша анықталады. Бұл ретте орта білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру Жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 24.09.2021 № 486 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

61. Жергілікті атқарушы орган жыл сайын орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарының өтініштерін қабылдау басталғандығы туралы ақпаратты интернет-ресурстарда орналастырады:

1) алдағы оқу жылына – күнтізбелік жылдың 1 маусымына дейін;

2) жаңадан құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін күнтізбелік жыл ішінде – жергілікті атқарушы органдары дербес белгілейтін мерзімде.

62. Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымы жергілікті атқарушы орган орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарының өтініштерін қабылдау басталғандығы туралы ақпаратты интернет-ресурстарда орналастырған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті оған қоса берілетін құжаттармен бірге атқарушы органға ұсынады:

1) алдағы оқу жылына – күнтізбелік жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей;

2) жаңадан құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін күнтізбелік жыл ішінде – жергілікті атқарушы органдары дербес белгілейтін мерзімде.

Мемлекеттік білім беру ұйымы өтінішпен бірге жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) "Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығымен (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығы) (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы 6 ақпанда № 10195 тіркелді) бекітілген нысанда берілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензияның көшірмесі;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама.

63. Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға өтініштерін және оған қоса берілген құжаттарын, олар тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды:

1) алдағы оқу жылына – күнтізбелік жылдың 1 тамызынан кешіктірмей;

2) жаңадан құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін күнтізбелік жыл ішінде – жергілікті атқарушы органдары дербес белгілейтін мерзімде.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының өтініштерін, оларға қоса берілген құжаттармен бірге қарау кезінде жергілікті атқарушы орган ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Мемлекеттік білім беру ұйымының осы Қағидаларға сәйкес келмейтін өтінішті және (немесе) оған қоса берілген құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күннің ішінде өтініште көрсетілген мемлекеттік білім беру ұйымының электрондық почтасына, электрондық почта болмаған жағдайда өтініште көрсетілген почталық мекенжайына сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Электрондық почтаға хабарлама жіберілген не ол почталық мекенжайға алынған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде мемлекеттік білім беру ұйымы жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға сәйкес келтірілген өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды қайта ұсынады.

Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік білім беру ұйымының өтініші оған қоса берілетін құжаттармен бірге қайтадан келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде оларды қарауды жүзеге асырады.

64. Жергілікті атқарушы орган интернет-ресурстарда мемлекеттік білім беру ұйымдарының өтініштерін қабылдау басталғаны туралы ақпарат орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей орындардың санын көрсете отырып, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарының тізбесін қалыптастырады және оны интернет-ресурстарда жариялайды.

Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылған мемлекеттік білім беру ұйымдары орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарының тізбесіне өтініш ұсынбастан енгізіледі.

Жергілікті атқарушы орган орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізілген мемлекеттік білім беру ұйымымен шарт жасасу рәсімін жүзеге асыру жолымен орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

2-параграф. Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

65. Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы (бұдан әрі – оператор) жүзеге асырады.

66. Оператор жыл сайын интернет-ресурста орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жекеменшік білім беру ұйымдарының өтініштерін қабылдау басталғандығы туралы ақпаратты орналастырады:

1) алдағы оқу жылына – күнтізбелік жылдың 1 маусымына дейін;

2) орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында операторға алғаш рет өтініш беруші жекеменшік білім беру ұйымдары үшін күнтізбелік жыл ішінде – оператор дербес белгілейтін мерзімде.

67. Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жекеменшік білім беру ұйымы интернет-ресурста оператордың орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жекеменшік білім беру

ұйымдарының өтініштерін қабылдау басталғандығы туралы ақпараты орналастырылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде операторға қоса берілетін құжаттармен бірге осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады.

Жекеменшік білім беру ұйымы өтінішпен бірге операторға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген нысанда берілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензияның көшірмесі;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде шотының болуы туралы анықтама.

4) оператор мен жекеменшік білім беру ұйымы арасында жасалған қолданыстағы алдын ала шарттың көшірмесі – Әдістемеде көзделген жекеменшік білім беру ұйымдарының объектілерінде жаңадан енгізілген оқушы орындары бар жекеменшік орта білім беру ұйымдары үшін.

68. Оператор мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жекеменшік білім беру ұйымдарының өтініштерін қоса берілген құжаттармен бірге олар тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күннің ішінде қарайды.

Оператор жекеменшік білім беру ұйымдарының өтініштері мен құжаттарын қарай отырып, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Жекеменшік білім беру ұйымының осы Қағидаларға сәйкес келмейтін өтінішті және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну не мемлекеттік сатып алу веб-порталында жекеменшік білім беру ұйымының тіркеуі болмау фактісі анықталған жағдайда, оператор үш жұмыс күні ішінде жекеменшік білім беру ұйымының өтініште көрсетілген электрондық почтасына не электрондық почта болмаған жағдайда, өтініште көрсетілген почталық мекенжайына сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Электрондық почтаға хабарлама жіберілген не ол почталық мекенжайға алынған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде жекеменшік білім беру ұйымы операторға осы Қағидаларға сәйкес келтірілген өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды қайта ұсынады.

Оператор мемлекеттік білім беру ұйымының өтініші қоса берілген құжаттармен бірге қайта келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде оларды қарауды жүзеге асырады.

Жекеменшік білім беру ұйымының осы Қағидаларға сәйкес келмейтін өтінішті және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну не мемлекеттік сатып алу веб-порталында жекеменшік білім беру ұйымының тіркеуі болмау фактісі қайта анықталған жағдайда, оператор өтініште көрсетілген жекеменшік білім беру

ұйымының почталық мекенжайына немесе электрондық почтасына орта білім беру тапсырысын орналастырудан негізделген және дәлелді бас тартуды жібереді.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында тіркелген жекеменшік білім беру ұйымдары осы Қағидаларға сәйкес келетін өтініш пен құжаттарды ұсынған кезде оператор интернет-ресурста жекеменшік білім беру ұйымдарының өтініштерін қабылдау басталғандығы туралы ақпаратты орналастырған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей орындардың санын көрсете отырып, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жекеменшік білім беру ұйымдарының тізбесін қалыптастырады және оны интернет-ресурста жариялайды.

Оператор немесе жергілікті атқарушы орган бұрын орналастырған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бар жекеменшік білім беру ұйымдары операторға осы Қағидалардың 67-тармағында көзделген өтінішке қосымша құжаттарды ұсынбастан, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жекеменшік білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізіледі.

69. Оператор жекеменшік білім беру ұйымымен шарт жасасу рәсімін жүзеге асыру жолымен орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

6-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрлады даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

70. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жыл сайын ЖАО қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау басталғанға дейін 5 (бес) күннен кешіктірмей ЖЖОКБҰ арасында конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу туралы шешім тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің және оның міндеттерін атқарушы адамның өкімімен ресімделеді.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру ЖАО-ның интернет-ресурстарында жарияланады.

Конкурс өткізу үшін құрамы тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің немесе оның міндеттерін атқарушы адамның өкімімен бекітілетін ЖАО-ның Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – ЖАО комиссиясы) құрылады.

ЖАО комиссиясының төрағасы тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі немесе және оның міндеттерін атқарушы адам болып

табылады. ЖАО комиссиясы ЖАО-ның қызметкерлері, аталған аумақ бірлігінде орналасқан азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатарынан құрылады. ЖАО комиссиясы мүшелерінің саны оның төрағасын қоса алғанда, тақ болып табылады.

Егер онда оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ЖАО комиссиясының отырысы заңды деп есептеледі.

ЖАО комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысушы Комиссия мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қоятын отырыс хаттамасымен ресімделеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін ЖЖОКБҰ ЖАО-ларға электрондық форматта мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ЖЖОКБҰ өтінімін;

2) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ЖЖОКБҰ сауалнамасын;

3) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша тиісті оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға ұсыныстарды қамтитын конкурстық өтінім береді.

Конкурстық өтінімге кіретін құжаттар нөмірленеді, ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысы қол қояды және мөрмен куәландырылады және конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіппен электрондық форматта ұсынылады.

Конкурстық өтінім конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген сағаттан және күннен кешіктірілмей ЖАО-ға жіберіледі. Конкурстық өтінімді беру мерзімі өткен соң түскен конкурстық өтінім кешіктірілу себептеріне қарамастан қаралмайды. Оларды беру мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімге қандай да бір өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

ЖАО комиссиясы конкурстық өтінімді өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қарайды, олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келу дәрежесін айқындайды.

ЖЖОКБҰ айқындау және мамандықтар бөлігінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру кезінде ЖАО комиссиясы осы Қағидаларға 51 және 52-тармақтарда көрсетілген негізгі өлшемшарттарды басшылыққа алады. ЖАО-ның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы әкімшілік-аумақтық бірлігіне қарамастан ЖЖОКБҰ орналастырылады. Бұл ретте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы белгіленген квотаны, сондай-ақ оқуға түсушілердің

жекелеген санаттары үшін нысаналы орындарды бөлуді ескере отырып, ЖЖОКБҰ орналастырылады.

ЖАО комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша интернет-ресурстарында тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің қаулысымен бекітілген, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ЖЖОКБҰ тізбесі жарияланады.

ЖАО қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтарымен тиісті облыста немесе республикалық маңызы бар қалаларда, астанада кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеу туралы шарт жасалады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.01.2022 № 16 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

71. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары меншік нысанына қарамастан балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда (бұдан әрі - Ұйымдар) балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады және бір балаға қызмет көрсетудің орташа құнын анықтайды.

72. Қосымша білім беру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары білім бөлімдерінің өтініші негізінде мемлекеттік тапсырыс көлемдерін анықтайды және ресми интернет-ресурста түрі мен бағытына қарай қосымша білім беру орындарындағы орындар саны және елді мекендер жағдайында бір балаға шаққандағы орташа шығындар туралы хабарландыру орналастырады.

73. Мемлекеттік білім беру тапсырысы жарғысында (ережесінде, құрылтай шартында) балаларға қосымша білім беру саласындағы қызметті көздейтін және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш негізінде жүзеге асырылатын балаларға арналған қосымша білім берудің іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларын көрсете отырып, "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде тіркелген Ұйымдарда орналастырылады.

74. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органдары Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады. Комиссия тұрақты жұмыс жасайтын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комиссия құрамын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстың жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

75. Комиссия мәслихаттардың, әкімдіктердің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдарының, балаларды оқыту және тәрбиелеумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың және өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатарынан жасақталады.

76. Комиссия мүшелерінің саны тақ болып табылады. Комиссияның төрағасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органының басшысы немесе оның орынбасары болып табылады.

77. Ұйымдардың тізіміне қосу үшін, балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Ұйымдар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдарына Комиссия төрағасының атына осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және келесі құжаттар береді:

1) № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес құжаттарды тапсырғанға дейін бір ай мерзімнен ерте емес күні бар қосымша білім беру ұйымының ғимаратын/орнын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі;

2) заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі, қосымша білім беру ұйымының жарғысы (ереже, құрылтай шарты);

3) тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде құжаттар тапсырылғанға дейін бір ай бұрын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқтығы туралы мәліметтер;

4) жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі немесе Ұйым пайдаланатын жалға алу шартының көшірмесі;

5) балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;

6) педагогтердің педагогикалық немесе кәсіптік білімі, біліктілік деңгейі туралы құжаттарының көшірмелері;

7) Ұйымның жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) (жарғыға, құрылтай құжаттарына, келісімшартқа сәйкес) көшірмелерінің немесе Ұйымның тәжірибесінің жоқтығы туралы хаттың болуы.

78. Ұйымдардың тізбесіне енгізу мақсатында балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін ұсынылған Ұйымдардың құжаттары тігіледі, нөмірленеді, ұйым басшысы қол қояды немесе мөрмен (бар болған жағдайда) немесе басшының қол қоюымен растайды.

79. Комиссия ұсынылған құжаттарды 10 жұмыс күні ішінде отырыста қарайды. Комиссия құжаттарды алдын ала зерделеу үшін жұмыс топтарын құрады.

80. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Ұйымдарды іріктеу критерийлері:

1) № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес құжаттарды тапсырғанға дейін бір ай мерзімнен ерте емес күні бар қосымша білім беру ұйымының ғимаратын/орнын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесінің болуы;

2) заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы немесе куәліктің көшірмесі, ұйымның жарғысының (ереже, құрылтай шарты) болуы;

3) құжаттарды тапсырғанға дейін бір ай мерзімнен ерте емес күні бар тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы мәліметтердің болуы;

4) жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі немесе Ұйым пайдаланатын жалдау шартының көшірмесінің болуы;

5) Ұйымдар үшін "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3-тармағына сәйкес балаларға арналған қосымша білім беру білім беру бағдарламаларының көшірмелерінің болуы.

Білім беру бағдарламасының мазмұны мақсаттар мен міндеттерді, оқыту мерзімдерін, мазмұнын, білім көлемін, игеру дағдылары, біліктері мен құзыреттіліктерін, күтілетін нәтижелерді, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу құралдарын қамтиды.

6) педагогтердің педагогикалық немесе кәсіптік білімі, біліктілік деңгейі туралы құжаттарының көшірмелерінің болуы;

7) Ұйымның жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) (жарғыға, құрылтай құжаттарына, келісімшартқа сәйкес) көшірмелерінің немесе Ұйымның тәжірибесінің жоқтығы туралы хаттың болуы.

8) жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшылардың, зерттеушілердің, шеберлердің үлесі олардың жалпы санынан кем дегенде 10 пайызды құрайды.

81. Комиссия құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) ұйымда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге енгізеді;

2) осы Қағидалардың 80-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге енгізуден бас тартады.

82. Ашық дауыс беру арқылы комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия құрамының дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

83. Комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

84. Хаттамаға төраға және отырысқа қатысқан барлық комиссия мүшелері қол қояды.

85. Комиссияның отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, жарамды деп есептеледі.

86. Қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шешім шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдарының интернет-ресурстарында жарияланады.

87. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдары Комиссияның шешімі негізінде қолжетімді ресурстарға: ресми сайтқа, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарға балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Ұйымдардың тізбесіне енген ұйымның атауы, оның заңды мекен-жайы, орналасқан жері, қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары, сағат мөлшері, оқыту тілдері, өтініштерді қабылдау басталғаны, егер бос орындар болса, ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініші негізінде қосымша қабылдау, "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тізімінде № 20695 нөмірімен тіркелді) сәйкес Ұйымдарға қабылдау, балалардың қосымша білім алуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға балалар контингентін "Ұлттық білім беру деректер базасына" сәйкес қалыптастыратындығы туралы ақпарат орналастырады.

88. Ұйым оқу жылының басында және қаржы жылының басында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдарымен балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орындар санын көрсете отырып, балаларға қосымша білім берудің білім беру қызметтерін ұсынуға шарттар жасасады.

89. Ұйымның қызметтер көрсетуі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен ұйым мен ата-аналар немесе басқа заңды өкілдер арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің өтініші бойынша белгіленген құнға сәйкес балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында көзделмеген сабақтарды өткізу үшін ұйымның ақылы қызметтер көрсету шарттары көрсетілген шартта көзделеді.

90. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органы балаларға қосымша білім беру қызметтерінің құнын төлейді:

1) кестеге сәйкес сабаққа қатысу (болу) фактісі бойынша;

2) ата-анасының біреуіне немесе басқа заңды өкілдеріне еңбек демалысын берген кезде дәлелді себеппен (науқастануы, емделуі, медициналық, санаторий-курорттық ұйымдарда сауықтырылуы және оңалтылуы, 10 күннен аспайтын), екі айдан аспайтын мерзімде (өтініші болған кезде) топтық сабақтарда болмаған жағдайларда жол беріледі.

Ұйым дәлелді себептермен балалардың сабаққа қатыспауы кезеңінде топтық сабақтардың оқу материалын өз бетінше оқып-үйрену үшін ұсынады.

91. Балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы науқастануы, емделуі, медициналық, санаторий-курорттық ұйымдарда сауықтырылуы және оңалтылуы, ата-анасының біреуінің немесе басқа заңды өкілдерінің демалысы себебімен жеке сабақтарында болмаған балаларға төленбейді.

Бала дәлелді себептермен (науқастануы, емделуі, медициналық, санаторий-курорттық ұйымдарда сауықтырылуы және оңалтылуы, ата-анасының біреуінің немесе басқа заңды өкілдерінің демалысы) болмаған жағдайда ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің өтініші негізінде жеке кесте бойынша не қашықтан сабақтар ұйымдастырылады.

Балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұйым қосымша жеке сабақтар өткізу нәтижелері бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша толық көлемде төленеді.

92. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балалар контингентін жинақтау кезінде ұйымдар қалыптасқан кезектілік тізімін басшылыққа алады.

Ұйым балаларды қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде босаған жағдайда балаларды қалыптастырылған кезектілік тізімінен қабылдайды.

93. Ұйым әрбір келесі айдың 1-күніне желтоқсанды қоспағанда, айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінен түсірілген ақпарат қоса берілген көрсетілген қызметтер актісін ұсынады, ол үшін "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінен алынған ақпарат қоса берілген көрсетілген қызметтер актісі 15 желтоқсандағы жағдай бойынша қойылады.

94. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдарының өкілдері балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шартында көзделген міндеттемелерді орындау бойынша ұйымдардың қызметіне тоқсанына бір рет мониторинг жүргізеді, консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді.

95. Ұйымның осы Қағидалардың 80-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеу фактілері анықталған кезде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (қаланың) білім беруді басқару органдары 3 жұмыс күні ішінде өтініште көрсетілген электрондық поштаға жібереді немесе өтініште көрсетілген электрондық поштаға, электрондық пошта болмаған жағдайда мекен-жай поштасына сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы хабарламаны жібереді.

Хабарламаны электрондық пошта арқылы немесе оны пошталық мекен-жайға алған күннен бастап бір ай ішінде Ұйым осы Қағидалардың 80-тармағына сәйкес әкелінген құжаттарды қайта ұсынады.

Егер сәйкессіздік қайта анықталса, Ұйым комиссияның тиісті шешімі негізінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Ұйымдар тізбесінен алып тастауға жатады.

96. Балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын Қағидалардың 80-тармағының 1-тармақшасына сәйкес жаңа және қосымша орындарға, бұрын орналастырылған орындары бар ұйым филиалдарының орындарына орналастыру жүзеге асырылады, балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ұйымның құрылтайшысы ауысқан кезде, ұйым осы Қағидалардың 80-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы сақталады.

97. Ұйым оқу жылының қорытындысы бойынша балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын игеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес электрондық немесе қағаз нұсқада оқыту нәтижелерін растайтын құжат (сертификат) береді.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына
1-қосымша

Өтініш нысаны (мектепке дейінгі ұйымның бланкінде толтырылады)

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

бойынша комиссия төрағасына

(төрағаның Т.А.Ә.
(бар болғанда))

Өтініш

Жаңа орындарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие және оқу бойынша жеткізушілер тізбесіне

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

қосуды өтінемін.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар _____ бетте.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы _____

(Т.А.Ә. (бар болғанда))

_____ М.О.

(қолы)

Толтырылған күні

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына
2-қосымша

Міндеттеме нысаны (мектепке дейінгі ұйымның бланкінде толтырылады)

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия төрағасына

(төрағаның Т.А.Ә.
(бар болғанда))

Жеткізушінің міндеттемесі

Осымен _____

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

атынан

(лауазымы Т.А.Ә (бар болғанда))

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

тамаққа кететін ата-аналардың төлемақы мөлшері белгіленген, тек қана республикалық

маңызы бар қаланың, астананың білім басқармаларының, қалалардың (аудандардың)

білім бөлімдерін жолдамасымен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балаларды қабылдау туралы міндеттерді орындауға кепілдік береді.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы

(Т.А.Ә. (бар болғанда)) (қолы)

М.О.

Толтырылған күні

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына
3-қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	
Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) және "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы" (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап - 5 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасағанда қабылдау күні қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызмет беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің аяқталуына дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>2) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты - 15 минут;</p> <p>3) Мемлекеттік корпорацияда қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты- 20 минут;</p>
Қызмет көрсету нысаны	Қағаз жүзінде/электрондық түрде
Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Білім беру ұйымдарында техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурста құжаттардың қабылданғаны туралы еркін нысандағы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызмет көрсету барысында қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және оны алу тәсілдері болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған	Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
Жұмыс кестесі	<p>1) Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ге дейін;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық кезек" тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады.</p> <p>3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).</p>

	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы және анықтамалық қызметтік телефондары:</p> <p>1) білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
Құжаттар тізбегі	<p>1) Комиссия төрағасының атына жазылған осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) білім беру тапсырысын орналастыру үшін ТжКОББ ұйымына қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы ақпараттық карта порталға өтініш жасаған кезде:</p> <p>1) Комиссия төрағасының атына жазылған осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің электрондық көшірмесі;</p> <p>2) білім беру тапсырысын орналастыру үшін ТжКОББ ұйымына қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы ақпараттық картаның электрондық көшірмесі.</p>
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздемелер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.</p>
